

ТШО-ның кері байланыс үдерісі бойынша есебі

ТШО-ның кері байланыс үдерісі бойынша есебі тоқсан сайын вебсайтта жарияланып тұрады.

2025 жылы алынған пікірлердің / сұранымдардың түрлері бойынша жиынтық кестесі төменде берілген:

Кезең	Жұртшылық сұранымы	Іскерлік ұсыныстар	Ақпарат сұрату	Өндірістік қатынастар	Басқалары	Ашық сұранымдар	Барлығы
2025	2	23	17	30	55	0	127

*Есеп беру кезеңінде барлық сұранымдар өңделіп, жауаптары берілді.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген пікірлер / сұранымдар түрлерінің сипаттамасы:

Жұртшылық сұранымы: ТШО немесе оның мердігер ұйымдарының қызметіне қатысты жұртшылықтың пікірлері, ұсыныстары немесе сұрақтары.

Іскерлік ұсыныстар: ТШО компаниясымен іскерлік байланыс орнату ниеті бар қазақстандық және шетелдік компаниялардың тауарлар мен қызметтерге қатысты коммерциялық ұсыныстары.

Ақпарат сұрату: қоғамдық және іскерлік орта өкілдерінің адам ресурстарын басқаруға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, жобаларға, маркетинг және т.б. қатысты ақпаратты сұратуы.

Өндірістік қатынастар: ТШО мердігерлері мен қосалқы мердігер ұйымдары қызметкерлерінің жұмыс істеу / тұру жағдайларына қатысты пікірлері мен сұранымдары.